

Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 27 қыркүйек N 1460

Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Батыс Қазақстан облысының әкіміне жұмыс берушілердің жалақы мен жарналары бойынша қызметкерлер алдындағы Батыс Қазақстан облысының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың берешектерін өтеуге 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражат есебінен 399 000 000 (үш жүз тоқсан тоғыз миллион) т е ң г е б ө л с і н ;

бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуы үшін бақылауды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.07. N 1536 қаулысымен .

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі